

Бекітем  
«Армантай» бөбөкж.  
бақшасының меңгерушісі  
Усебова Л.Р.



*Ел еркіндігі - Тәуелсіздік!*



Тәрбиеші: Юнусметова Ш.Р.

Шымкент 2021-2022 жж.

## Ел еркіндігі -Тәуелсіздік

Мақсаты : Бүлдіршіндерге еліміздің тарихы туралы түсінік беру  
Рәміздерімізді қастерлеуге үйрету . Өз Отанын сүйуге, халқымыздың әдет –  
ғұрпы, салт – дәстүрін сақтап, әрі қарай жалғастыруға . Ұлт жандылыққа,  
достыққа, саналылыққа тәрбиелеу .

Армысыздар, құрметті де қадірменді қонақтар! Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің 30  
жылдығына арналған «Ел еркіндігі – Тәуелсіздік » атты мерекелік кешімізге  
қош келдіңіздер!

(Әнұран ойнатылады)

Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде  
қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің  
қатарына қоса алдық. 30 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып,  
нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде  
Қазақстанды дүние дидаһындағы ең мықты мемлекеттер танытындай,  
сыйлайтындай деңгейге жеткізген тұңғыш Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген  
саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда айтып өтеміз.  
Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп  
білеміз, себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата - бабаларымыз  
ғасырлар бойы армандап, күтумен өтті. Осы күнге жеткен біздер қандай  
бақытты жандармыз!

Тәрбиеші : Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің  
тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болды . Ол бүгінде дүние жүзінің  
көптеген елдермен достық байланыс орнатқан, бүкіл әлем таныған елге  
айналды. Біз өзіміздің Әнұранымызбен, Туымызбен , Елтаңбамызбен басқа  
елдерге мақтаныш етеміз.

Барша халық таныған,

Біздің үміт тілекті .

Шырқалғанда әнұран,

Шаттық кернеп жүректі .

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Бас алаңда ел жосқан,

Жастар қаны жуған түн.

16 желтоқсан-

Тәуелсіздік туған күн!

Тәуелсіздік елдеміз,  
Қуанамыз күнде біз.  
Ата-бабам қалдырған,  
Қазақтың біз батырымыз сенсеңіз! (Еркеназ)

Тәуелсіздік – бабам берген аманат.  
Тәуелсіздік жүрмін сені бағалап,  
Тәуелсіздік келешектің кепілі.  
Тәуелсіздік өткен күннің өтілі (Айсұлу)

Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі,  
Мықты болсын елімнің керегесі.  
Татту-тәтті халқымызға бақ қонып,  
Кетпесін туған жердің берекесі. (Димаш)

Отаным, Қазақстан,  
Құтты болсын мерекең.  
Тәуелсіз еліміз 30 жыл  
Арта берсін берекең! (Айлин)

Өзіңді мақтан етемін,  
Қазақстаным, Отаным!  
Құтты болсын 30 жылдығың  
«Жаса» деп үн қатамын (Бибінұр)

Тәуелсіздік еліміз  
Мәңгі жасар жеріміз.  
Тәуелсіздік, жасаған  
Аға, әпкелеріміз. (Асалина)

-Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғанына 30 - жыл. Біздің мерей тойымыз. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз.

Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып, үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар

Бәрі де сенің Отаның

Бойыңды биіктететін.

Рухына балап атаның

Өлгенше сүйіп өтетін.

Балалар, осы біз «Отан» деген сөзді күн сайын естіп жүрміз . Осы Отан дегеніміз не?

-Отан дегеніміз – адамың туып – өскен жері, туған – туыстарымен, жақындарымен бірге тұратын ата мекені .

Отан туралы тақпақтар :

**Әмина :** Отан деген - атамекен,

Отан деген – туған жер

Отан – ана, Отан үлкен ,

Қазақстан – туған ел !

**Хадича.** Отан ұран ,Отан – туым ,

Отан мәңгі гүлденеді

Отан жерім , Отан – суым ,

Отан қуат, нәр береді.

-Балалар , ал еліміздің туралы не білеміз.

Тәрбиеші:Туды көрсетіп, сипаттау. Мемлекеттік туымыздың түсі көгілдір . Ол бірлік пен ашық аспанды, тыныштықты көрсетеді . Ортасындағы сәуле шашқан күн бейнесі – тыныштық пен байлықтың белгісі , астындағы қыран бүркіт қырағылықтың биіктеуін білдіреді.

Республикамыздың елтаңбасы көгілдір түсті бояудың үстінен салынған пырақ бейнесінен тұрады. Шаңырақтан күн сәулесі тәріздес уықтар тарайды .



Шаңырақ пен ұық біздің Отанымыздағы көптеген ұлттардың бірлігін көрсетеді Балалардың тақпағы :

**Талшын:** Он алтыншы желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн

Ерекше боп мәңгілік

Ел жадында қалған күн

**Гүлим** Тәуелсіздік төрінде .

Талай- талай тер төккен

Билігім өз қолымда

Еркіндігім-Елтаңбам

**Абдуллах** Он алтыншы желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн

Ерекше боп мәңгілік

Ел жадында қалған күн

Алихан Тәуелсіздік мәңгілік сақтаталсын

Алдымызда барлық үміт ақталсын

Тату-Тәтті бірлік болып қашанда

Бейбіт өмір бар халықпен жақталсын

**Аянат** Бейбітшілік әніміз,

Бауырласпыз бәріміз

**Хор «Көк тудың желбірегені»**

Тәрбиеші : Балалар сендер тәуелсіз қазақ елінің ең жас ұландарысыңдар . Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді, әкелер мен аталарымыз сияқты қадірлеуге , сүйуге, қорғауға міндеттісіңдер . Саналы , білімді азамат болу үшін не істеу керек ?

Балалар . Еңбек етуіміз керек .

-Біздің қазіргі еңбегіміз не ?

Балалар. Оқу!

### Би «Алға Қазақстан»

Тәрбиеші Бүгін , міне ,Егеменді тәуелсіз еліміздің ұлы мерекесін тойладық .  
Жүзіміз жарқын болып, аспанымыз ашық болсын деп тілейміз . Егеменді  
елдің болашағы – сендерсіңдер ! Сендерге зор денсаулық , көңілдеріңе  
шаттық тілей отырып, атар әрбір таңдарың арайлы да шуақты болсын , күннің  
нұры сәулесін мол төксін деп тәрбие сағатымыз аяқталды . Сау болыңыздар !











